



Т. РЫСКУЛОВ АТЫНДАГЫ ЖАНА ӘКОНОМИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
НОВЫЙ ЭКОНОМИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Т. РЫСКУЛОВА
TURAR RYSKULOV NEW ECONOMIC UNIVERSITY

**ҰЗДІКСІЗ ЭКОНОМИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ: ОҚЫТУДЫ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІ МОДЕРНИЗАЦИЯЛАУ**

X Республикалық оқу-әдістемелік конференция

Талқылауга усынылатын конференцияның негізгі тақырыбы келесідей:
**БІЛІМ НАРЫГЫ МЕН ЕҢБЕК НАРЫГЫНЫҢ ИНТЕГРАЦИЯСЫ:
КӘСІБІ СТАНДАРТТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТАРЫРУ КОНТЕКСТІНДЕ
МОДУЛЬДІК БІЛІМ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ӘЗІРЛЕУ**

II Том

22-23 қантар 2015 жыл

**НЕПРЕРЫВНОЕ ЭКОНОМИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ: МОДЕРНИЗАЦИЯ ОБУЧЕНИЯ
И МЕТОДИЧЕСКОГО ОБЕСПЕЧЕНИЯ**

X Республиканская учебно-методическая конференция

Ключевой темой конференции, предлагаемой к обсуждению, станет:
**ИНТЕГРАЦИЯ РЫНКА ОБРАЗОВАНИЯ И РЫНКА ТРУДА:
РАЗРАБОТКА МОДУЛЬНЫХ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ПРОГРАММ В
КОНТЕКСТЕ ФОРМИРОВАНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ
СТАНДАРТОВ**

II Том

22-23 января 2015 года

**CONTINUOUS ECONOMIC EDUCATION: MODERNIZATION of EDUCATION AND
METHODOLOGICAL SUPPORT**

The X republican educational-methodical conference

*Main topic of the conference to be discussed is:
INTEGRATION OF EDUCATION MARKET AND LABOR MARKET;
DEVELOPMENT OF MODULAR EDUCATIONAL PROGRAMS IN
THE CONTEXT OF FORMATION OF PROFESSIONAL
STANDARDS*

II Volume

22-23 January 2015

2015

Х республиканская учебно-методическая конференция
Непрерывное экономическое образование: модернизация обучения и методического обеспечения

РАКИМКУЛОВА А.А., АДАЕВА С.О.	
Применение информационных и коммуникационных технологий в обучении русскому языку	72
РЫСКИЕВА Г.Э., БОЖБАНОВ А.Ж.	
Энергетикада органикалық өткінды пайдаланудың экологиялық аспекттері.....	77
САГИДОЛДА Н., ЖАНБЫРБАЕВА А.Н.	
Жоғары оқу орнында болашак әлеуметтік қызметкерлерді даярлау ерекшеліктері	82
САЙДУЛЛАЕВ С.З.	
Особенности организации и проведение преддипломной практики специальности «Туризм».....	90
ХИСМАТУЛЛИНА А. А.	
Внедрение дуальной системы профессионального обучения в Республике Казахстан: теоретические аспекты и зарубежный опыт	93
ШАКЕН А.Ш., ЖИЛКИБАЕВА М.И., УВАРОВА А.К.	
Международные туристские практики кафедры рекреационной географии и туризма в контексте практико-ориентированного компетентностного подхода	103
АЛИЕВ М.К., АКИМОВА Б.Ж., БЕЙСЕНОВА Л.З.	
Организация научно-исследовательской работы магистрантов специальности 6M050800 «Учет и аудит»	112
БАЯНДИНОВА С.М., АКТЫМБАЕВА А.С., КӨШКІМБАЕВА Ү.Т., ЖАНАКЕЕВА М.К., КАЙРАТ С.	
Жоғары оқу орнындарының көсіби тәжірибесін жүзеге асыру үрдісіндегі білім қызметі нарығы мен еңбек нарығының рөлі	121
ДАБЫЛТАЕВА Н. Е., НУРЖАНОВА А. М.	
Еңбек нарығы және жоғары білім беру жүйесі: жағдайы және тиімді өзара әрекеттестік жолдары	125
ЕНТАЛЬЦЕВ А.Л., ОПАЛИНСКАЯ Е.Э., ИСМАИЛОВА Х.И.	
Специфика проведения оздоровительных занятий со студентами, имеющими отклонения в состоянии здоровья	134
КАКИМОВ Д.С. .	
Агрономеркәсіп кешенінде интеграциялық құрылымдарды қалыптастырудың артықшылықтары	140
МАЖЕНОВА Ж.А., ИЛЯШОВА Г. К.	
Туристік-экскурсионлық практиканы үйімдастыру ерекшеліктері	145

X республиканская учебно-методическая конференция.
Непрерывное экономическое образование: модернизация обучения и методического обеспечения

БАЙНДИНОВА С.М.

*Рекреациялық география және туризм
кафедрасының доценты*

з.г.к. , доцент

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Алматы

АКТЫМБАЕВА А.С.

*Рекреациялық география және туризм кафедрасының
доценты г.г.к. доцент*

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Алматы

ҚӨШКІМБАЕВА Ү.Т.

*Рекреациялық география және туризм
кафедрасының доценты г.г.к. доцент*

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Алматы

ЖАНАКЕЕВА М.К.

*Рекреациялық география және туризм кафедрасының
ассистенті Әл-Фараби атындағы*

Қазақ ұлттық университеті

Алматы

КАЙРАТ С.

*Рекреациялық география және туризм кафедрасының
1 курс магистранты*

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Алматы

**ЖОГАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ КӘСІБИ ТӘЖІРИБЕСІН
ЖУЗЕДЕ АСЫРУ ҮРДІСІНДЕГІ БІЛІМ ҚЫЗМЕТІ
НАРЫҒЫ МЕН ЕҢБЕК НАРЫҒЫНЫҢ РӨЛІ**

Түйін

Берілген мақалада жоғары оқу орындарындағы кәсіби тәжірибелі жүзеге асыру кезіндегі еңбек нарығының маңыздылығын атап көрсетеді. Бұл екі нарық үйлесуінің басты мәселелері козғалып, болашақта білімгерлердің біліктілігі заманауи экономикалық шарттарға тән мамандарды дайындау үрдістері қарастырылған.

Мемлекет басшысы «Нұрлы жол» атты жаңа саяси жолдауында білім саласына ерекше назар аударып, инновациялық экономика және ғылым бағыттарын дамытуды айқындады. Заманауи әдістер мен технологияларды енгізу, білімге колжетімділікті көнектіру, білім сапасын арттыру мақсатында кәсіби мамандарды даярлау қолға алынып отыр.

Бұл көзделген мақсаттарды жүзеге асыру үшін жоғары оку орындарында білім қызметі жұмысын арттыру, нарықта тұтынушы талабына жауап беретін білікті мамандарды даярлау қызметі жұмыстары жасалуда. Жоғары оку орындары қызметтерінің негізгі сыртқы тұтынушылары болып жұмыс беруші танылады. Енбек нарығы әр білімгерден жаңашыл оку үрдістерін толық менгерген, кешенді кәсіби құзыреттілікте, инновациялық экономика мен қоғам талаптарына сай мүмкіндіктері мен мұдделерін барынша үйлесімді бола алатын бейімделгіш мамандардың болуын талап етеді. Сол себепті кез келген талапкер өз білім жолында кәсіби дағдысын жоғары оку орындары қабыргасынан іздейді.

Сонғы жылдары Қазақстаның жоғары кәсіби жүйесінде ерекше парадигма орналады. Бұл үрдіс шенберінде заманауи білім сапасының нәтижесі бітіруші түлектерінің кәсіби дағдысы мен менгерген білімділігін кәсіби мәселелерді орнықты шешу негізінде аныкталады. Сондықтан кәсіби бағдар беру жұмыстарын және кадр дайындаудагы мәселені шешу жоғары оку орындарының кешенді шарапалары болып табылады.

Бүгінгі күні еліміздегі жоғары кәсіби білім беру жүйесі өз алдына жеке сала ретінде дами алмайды. Жоғары білім беру мекемелері және енбек нарығы – бір шынжырдың буындары. Арадағы байланыс формасы білім алушының білім көністігін құрайтын және оның кәсіби біліктілігін жетілдіруге мүмкіндік беретін маңызды сала – кәсіби тәжірибе болып танылған.

Жоғары оку орындарында кәсіби тәжірибе білімгердің бизнес аясында дағдысының калыптасуын, теориялық білімді бекітуге, сонымен катар озық тәжірибелі игеруге бағытталған бағдарламаның бір бөлігі.

Оқыту үдерісінде кәсіби тәжірибе әр түрі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына және жұмыс оку жоспарына сәйкес үйымдастырылады. Студенттерді оку шеберханалары, зертханалар, тәжірибе шаруашылықтары, клиникалар, тағы басқа жоғары оку орындарының оку- қосымша бөлімшелері, сонымен қатар болашақ кәсіби қызметіне сәйкес үйымдарға бағыттайты.

Жоғары оку орындары мен жұмыс берушілердің ең тығыз өзара іс-әрекеті бірлескен үрдісі студенттердің әр түрлі тәжірибеден кәсіби сала қызметін накты жүзеге асыру үстінде айқындалады. Дағ осы тәжірибе студенттердің ең алғашкы кәсіби сынағы және келешек мамандардың кәсіби біліктілігін жоғары дәрежеде көрсететіндегі негізгі фактор болып қалыптасқан [1].

Кәсіби өндірістік тәжірибе мақсаты түйінді құзыреттілікті бекіту, оқыту мамандығы бойынша тәжірибелік дағды мен кәсіптік бейімделуін қалыптастыру болып табылады. Тәжірибе базасын белгілеу оқытылатын мамандықтын профиліне байланысты өтеді.

Тиісінше, екі ірі нарыктың ықпалдасуы әсерінен тәжірибелінің бағытына карай студенттерге сәйкесінше үздіксіз жоғары деңгейде біліктілігін арттыру қажет. Егерде білім беру нарығы теориялық және ғылыми білімін көтерсе, еңбек нарығы кәсіби тәжірибесін жетілдіру, алған білімін жұмыстық ортада толықтыруға мүмкіндік береді. Алайда, көптеген зерттеулерге қараганда қазақстандық студенттердің толықтай жұмыс орнына бейімделген, негізгі инновациялық әдістерді игерген, кәсіби тәжірибелік және өндірістік дағдысы жеткіліксіз жағдайда. Мұндай мәселенің орнауы жоғары оку орындарының еңбек нарығындағы өндірістік мекемелермен тиімді әріптестік байланысын орнатпауы болып табылады.

Жоғары оку орындары және жұмыс беруші мекеме арасында нәтижелі келісім шарт орнау қажет. Сонда ғана екі жақтың күш болашақ жастардың өз саласы маманы болуына жұмсалады. Кәсіби тәжірибе жоғары оку орындарында 3 немесе 4 курстарда, магистратура мен докторантураларда бағдарламарына енген. Міне осы студенттер, әлеуметтік ортада білім беру мекемесінің сыртқы тұтынушыларының катализаторы және олармен әріптестік қарым-қатынасын күштейту негізі болып танылады.

Келесі қарастыратын мәселе Қазақстанда жогары оқу орындарының түлектері мен студенттері үшін арнайы шаралар ұйымдастыру және тренинг орталықтарын ашу. Белгілі уақыт аралығында жинақталған білімдерін бизнес үрдістерінде пайдаланып, келешектегі жұмыс бабына сенімділік ала алады. Мысалы, жыл сайын әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Университет – Бизнес – Қоғам: тәжірибе және серіктестік болашағы» атты Жұмыс берушілер Форумы және «Табысқа жету жолы!» бос орындар/тағылымдамалар жәрмеңкесі өтеді. Соңғы жылдарды шақырылған жұмыс беруші компаниялар қатарын ҚР Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасы, ҚР Ұлттық мемлекеттік Кітап Палатасы, «Назарбаев Зияткерлік мектептерінін» ДББУ, ҚР Ұлттық Банкі, Қазақстанның Халық Банкі, Сбербанк, Aurora холдинг, Еуразиялық банк, Avon, АТФ Банк, «Хабар» агенттігі, Kaspi банк, EFES Kazakhstan компаниясы, Kazgidromet, Экомед, KazAgroИнновация холдингтің еншілес компаниялар, Алматы қаласының Жұмыспен қамтылу және әлеуметтік бағдарламалар баскармасы, Алматы қаласының білім беру баскармасы толтырды. Бұл мерең келік іс-шара барысында компаниялар, ұйымдар, бизнес, ғылым және өндіріс салаларының жетекші өкілдері презентациялар, тренингтер және табысты мансап құру жөніндегі түлектер мен студенттерге арналған мастер-класстар, кәсіби тәжірибелі өтуге арналған акциялар өткізеді [2].

Осындағы бизнес-кейстер жұмыс берушілер мен студенттер арасында жогары бағаланады және жастардың өз мүмкіндіктерін дамытуға бағыттайты. Студенттер мен түлектер сыйнау мерзімі барысында катал сұрыптаудан өтеді және күрделі бизнес міндеттерді атқаруга үйренеді.

Кәсіби тәжірибенің сапасын тиімді жогарылайты мақсатында кәсіпорындар мен білім беру мекемелері арасында бағдарламалар мен тиісті келісім шарт жасау үрдісін талап өтеді. Әр жогары оқу орнында, факультет және кафедра деңгейінде мамандандырылуына сәйкес жұмыс беруші кәсіпорындардың базасы қалыптасуы тиіс. Сондағанда енбек нарығы мен білім беру нарығының үйлесуі тиімді нағиже береді.

X республиканская учебно-методическая конференция.
Непрерывное экономическое образование: модернизация обучения и методического обеспечения

9^а Бұғынгі таңда, жоғары оқу орнын бітірушілер дербес еңбек жолында бірқатар киындықтарға жолынғатындары тәжірибеде шынкытайлып отыргандықтан, кәсіби бағдарын қалыптастыруда, тәжірибе түрлерін барынша жаңа мазмұнды, жүйелі жүргізу міндетті қойылып отыр. Сол себепті білім беру және еңбек нарығының реформа турде әріптестік қарым-қатынасын орнату мүмкіншіліктерін ғана қалыптастырмай, сапалы, кәсіби білімді арттыру және жетілдіру, инновациялық ортага бейімделушілікті ескере отырып жүзеге асыратын тиімді іс-әрекет болып табылмақ.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Рынок труда: проблемы и решения. М.: Научный эксперт, 2009.
2. 43-ші гылымы-әдістемелік конференция «Заманауи үздіксіз кәсіби білім беру жүйесіндегі түлектің құзыреттік үлгісі». www.kaznu.kz/kz/13372

ДАБЫЛТАЕВА Н.Е.
экономика ғылымының кандидаты
НУРЖАНОВА А. М.
«Туризм» кафедрасының аға оқытушысы
ғылым магистри
Т.Рысқұлов ат. ЖЭУ
Алматы қ.

**ЕҢБЕК НАРЫФЫ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ:
ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ТИІМДІ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСТІК
ЖОЛДАРЫ**

Түйін және ұсыныстар

ЖОО-ның тиімді дамуының қажетті алғышарттары, оның бәсекеге қабілеттілігін көтеру, еңбек нарығының талаптарымен сәйкес модернизациялау инновациялық және алеуетті интеграцияланған бірлестіктерге оқу орындарын жатқызу механизмынан зерттегендегі мәселелердің маңызын анықтауда.